

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қараша айы 2022 жыл 5 апта

Күн тәргібі	Дүйсенбі 28.11.2022ж	Сейсенбі 29.11.2022ж	Сәрсенбі 30.11.2022ж	Бейсенбі 01.11.2022ж	Жұма 02.12.2022ж
Балаларды қабылдау	Түрлі –түсті шармен қарсы алу	Көңілді доп арқылы қарсы алу	Смайлик арқылы қарсы алу	Көңілді әуенмен қарсы алу	Жүрекшемен қарсы алу
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың киім киіп үйренуі туралы әңгіме	Үстел үстінде қалай отыратыны, қалай тамақтанатыны жайлы әңгіме	Баланың басқа балалармен қарым-қатынасы жайлы әңгіме	Баланың эмоционалды көңіл-күйі жайлы әңгіме	Баланың демалыс күні немен айналысатыны жайлы әңгіме
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусақ жаттығуы «ҮКІ» Орманда қараңғы (екі қолдың білектерін біріктіре саусақтарды жан-жаққа ашады («Орман») Бәрі-бәрі ұйқыда (алақандарын беттестіре жақтарына таянып («Ұйқыға кетеді») Үкі ғана ұйықтамапты (бас бармақ пен сұқ саусақтың ұштарын біріктіре дөңгелентіп көздеріне қояды («Үкінің көздері») Маңғазданып отыр қатты (қолдарын артқа жинап, кеуделерін көтереді («Маңғаз үкі») Әрі-бері отырды да	Саусақ жаттығуы: «МЫСЫҚ» Мысық біздің саққұлақ Тышқанды жақсы есту үшін бірақ (ортаншы және төртінші саусақтар бас бармаққа тіреледі, сұқ саусақ және кішкентай саусақ жоғары қарайды) (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)	Саусақ жаттығуы «ҚОРАЗ» Қораз, қораз қоқылдақ Ерте тұрар қоқылдап. Алтын айдар басында, Ән салар үй қасында (алақан үстінде, сұқ саусақ бас бармаққа тіреледі, қалған саусақтардың аралары ашық үстіге қарайды) (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)	Саусақ жаттығуы «ДОП» Он, тоғыз (алақандарымен шапалақтайды) Сегіз, жеті (отырған күйі аяқтарын алақандарымен қағады) Төрт, үш (алақандарымен шапалақтайды) Екі, бір (отырған күйі аяқтарын алақандарымен қағады) Доп ойнайық (алақандарымен шапалақтайды) Кел, жүгір (қолдың біресе ішімен, біресе сыртымен көздерін жабады) Тек білейік (әр сөз ырғағымен шапалақтайды) Анық нық (әр сөз ырғағымен аяқтарын тоғылдатады) Допты алып қашқан (отыра қағады)	Саусақ жаттығуы «СӨЗДЕР» картотека 1-2 деп санаймыз (саусақтарды біріктіріп бүгіп санаймыз, кері ашып санайды) Әріптен сөз құрамыз (барлық саусақтардың арасын ашып, бір қолдың алақанына екінші қолдың алақан сыртын беттестіреді («күн» жасайды) Күн – шуақты сөз екен (бас бармақ, ортанғы терек, аты жоқ саусақтарды біріктіре ұстайды, сұқ саусақ пен кішкентай саусақты сәл бүге «құлақ» жасайды) Мысық-құлақты сөз екен (сұқ саусақ пен кішкентай саусақты тік ұстайды «мүйіз»

	(қолдарын жан-жаққа жая ұшып, басқа орынға ауысады) Қараңғыға канат қақты. (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)			Кім кумак? (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)	жасайды. Бас бармақ, ортанғы саусақ, аты жоқ саусақтар біріктіріле бүгіледі) Силыр-мүйізді сөз екен (екі қолдың барлық саусақтарының ұштарын біріктіріп үлкен «қарбыз» жасайды) Қарбыз-жолақты сөз екен (көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру)
Таңертенгі жаттығу	таңертенгі жаттығулар кешені №6 «сұралмен»				
	Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен «аюға» ұқсап жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жүгіру. «Достар»- хұптасып жүру. Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Б.қ: «Көбелек қонды» Аяқтары иық мөлшерінде. Қолдары артта. Иыққа қонған көбелекті көру. Басты оңға, солға бұру, «қонды» деп айту. (6 рет қайталау) Б.қ: «Жыланның қозғалысы» Аяқ иық көлемінде, қолды жанға созу. Жыланның қимылын жасау. Иықты ирелендеге айналдыру. (6 рет қайталау) Б.қ: «Қайшы» Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жан-жақта, қолдарды қайшылау. (6 рет қайталау) Б.қ: «Жұлдызша» Қолдары белде. Аяқты бірге ұстау. Орнында секіріп аяқты және қолды жанға созу «са-а-а» деп айту, орнында секіріп аяқты біріктіру және қолды белге қою, «хоп» деп айту. (6 рет қайталау) Қорытынды: Шеңбер бойы жүру. Еркін жүру. Қолды жанға созып, аяқтың ұшымен жүгіру. (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				

(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлауды дамыту: күндіз-түнде, таңертең-кешке. Математика негіздері	топта(терезенің алдын ашықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау) қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру	Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану, ересектермен диалог құру, берілген сұрақтарды тыңдау және толық жауап беруді дамыту. Сөйлеуді дамыту	Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеністік бағыттарын анықтауды: үстінде-астында үйрету Математика негіздері	Ұй жаңуарларымен олардың төлдері туралы білімдерін мекеңдейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру, табиғат бұрышын мекеңдеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: Арқан бойымен жүру, тура жолмен жүру; саптабір-бірден жүгіру; құрсаудан құрсауға, заттарды айналып және заттарды арасымен секіру; Бірінің артынан бірі сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа тұру Қимылды ойын: Қуыр-қуыр қуырмаш.	Музыка Музыка тыңдау: Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге, шығарманы соңына дейін тыңдауға үйренеді	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру; сапта бір-бірден, алдыңғы бір жағынан екінші жағына жүгіру; допты заттардың арасымен, қақпаға домалату; Қимылды ойын: Сақина жасыру	Қазақ тілі Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін естесектеп, әңгімелесе білуге баулу.	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: Шеңбер бойымен тапсырмаларды орындай отырып жүру; саптабір-бірден жүгіру; қимылды ойын: Шыбыққа қалпақ кигізу

Балалар шеңбер болып отырады. Терезеге карап, ауа райының өзгерісін айтады. Ауа райы әртүрлі болады, бірде күн ашық болады, бірде жаңбыр немесе қар жауады. Қоршаған ортамен таныстыру Тәрбиеші: - Қолымыздан ұстап дөңгелене ұстайық. Біз қазір неге ұқсадық? Балалар: Күнге. Тәрбиеші: Балалар қалай ойлайсындар бізге күн не үшін қажет? Күн әлемге жарық беріп, шуағын шашады. Күннің пішіні қандай? түсі қандай? Математика негіздері, сөйлеуді дамыту Жайпақ ыдысқа сары түсті бояуды дайындап аламыз; -Бояуы бар сары түсті ыдысқа алақанды толықтай малып, алақанды альбом бетіне әртүрлі	Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын. Кескен болам кесілмейді, Кесілсе де бөлінбейді. Су Сөйлеуді дамыту Балалардың алдында екі шыны ыдыс тұрады: біреуіне су, ал екіншісіне сүт құйылған. Екі ыдысқа да қасық салып, қайсысынан көрінетінін қайсысынан көрінбейтінін бақылайды. Су бар ыдыстан қасықты көруге болады, ал сүт тұрған ыдыстан қасық көрінбейді. «Су мөлдір ал сүт мөлдір емес». Қоршаған ортамен таныстыру Су қандай? түссіз, сұйық, сылдыр екенін көрсету Математика	Бұлт туралы Ақсың, сұрсың қарасың? Қалқып қайда барасың? Жерге нөсер төгілсін Өссін гүлдер, көп егін. Гүл, гүл жайнап өсер көп Нөсерлетсең нөсерлет. Көркем әдебиет Енді балалар бұлттар әлеміне саяхатқа шығайық. Ол үшін орнымыздан тұрып, қолдарымыздан ұстап, көзімізді жұмып елестетейік. Біздер ұшаққа мініп аспанда ұшып келе жатырмыз. Аспанда мақтадай үлпілдеген бұлттар өтіп бара жатыр. Бұлттар әр түрлі пішіндерге қоянға, геометриялық пішіндерге ұқсайды екен. Енді балалар парашютпен жерге секіреміз. Ал астыға қарайықшы астыдан нені көріп тұрсындар? – жер, су, ағаштар. Бұл біздің туган жердің байлығы, Табиғат қандай әдемі! Туган жеріміздің табиғатын қастерлеуіміз, қорғауымыз керек. Қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту	Ауа не үшін қажет деп ойлайсындар? - Дұрыс. - Ауа-ең алдымен тыныс алу үшін қажет. Тыныс алған кезде өкпеге ауа барады. Ауаның көлемі болмайды және көрінбейді. Ауа, бұл – жел. Желдің бармайтын жері жоқ. Жазда ыстық жел, ал қыста суық жел соғады. Балалар ендігі тәжірибе біз ауаға жасаймыз. Сөйлеуді дамыту Алайда, шар немес допка жел толтырсақ ауа белгілі бір көлемге толады. Шарды үрлеп ыдыстағы суға саламыз. Қоршаған ортамен танысу Сызықтармен ауада желді бейнелу. сурет салу Тілді жаттықтыру. У-у-у-у су Ел –ел- ел – жел Ау-ау-ау-ау Үн-үн-үн-күн Сөйлеуді дамыту Ауасыз тіршілік жоқ Жел ауаның қозғалысы. Күзгі жел туралы бейнені желімдеу Жапсыру	Жаңбыр жауды — тырс², Боран соқты — гу², Жел тұрды — ыли², Найзағай ойнайды — тарс-тұрс. Көркем әдебиет «Күн мен түн». Шарты: балаларға «күн» дегенде, олар қолдарын ашып, дөңгелек жасайды, ал «түн» дегенде, олар ұйықтаған болады дене шынықтыру Кейбір табиғат құбылыстары жылдың белгілі бір уақытында ғана болып тұрады. Жылдың 4 мезгіліне байланысты табиғатта өзгереді. Мысалы: Жаңбыр, бұршақ, қар жауады. Жел, боран соғады. Осының барлығы табиғат құбылыстары. Қоршаған ортамен танысу
--	---	--	--	--

	бағытта саламыз. Сурет салу	негіздері Сылдырайды мөлдір су, Мөлдір суға қолынды жу. Жуынсаң сен, әрдайым, Таза бетің, мандайың, Тазалықтың досы,су. Көркем әдебиет	Бұлттың түсі қандай?пішіні ше? Математика негіздері		
Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен	Күз мезгілінің ерекшеліктеріне назар аударту. Жел соғып тұр, далада салқын деген ұғымдарды түсінуін жетілдіру.(қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық»	Балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту. Аула сыпырушы мен бақташыға көмектесу. (қоршаған ортамен таныстыру) Құрастыру материалдарынан көлік құрастыруды дамыту. (құрастыру) Еркін ойындар, жеке іс әрекеттер Қимылды ойын «Тышқандар мен	Балабақшаны мекендейтін үй жануарлары туралы әңгімелесу. Оны барып көру, күтім жасау. Су тамақ беру. (қонаққа мысық немесе күшік келеді) (қоршаған ортамен таныстыру) Еркін ойындар. Табиғи материалдардан қора жасату. (құрастыру) Қ/О «Поезд»	Ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей жапырақтарды салыстыру, жапырақтардың қай ағаштар түскенін атауын үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) Еркін ойындар Қуыршақ бейнесі бар қағаздың бетіне дайын киімдерді жапсыруды үйрету. (жапсыру) Қимылды ойын «Тышқандар мен мысық»	Серуенге алып шыққан ойыншықтарды салыстыру. Бөлшектерін атау. Солдан оңға қарай орналастыру (қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері) Ағаштардың түскен бұтақтарын жинап, жануарларға қора құрастыруды үйрету. (құрастыру) Еркін ойындар Қ/О «Поезд»

		мысық»			
Серуеннен оралу	Топпен бірге серуен алаңынан топ бөлмесіне оралу. Балалардың сыртқы киімдерін шешуіне көмектесу. Балалардың жеке заттарын орнына қоюын ұйымдастыру. Серуен барысында жинаған материалдарды (жапырақтар, тас, т.б) белгіленген жерге орналастыру. Балалардың қолдарын жуып, тазалықтарын сақтауы.				
Түскі ас	Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру. Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану, нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Күннің бейнесін топқа бөлу арқылы құрастыру, мүсіндеу және жабыстыру Құрастыру, жапсыру, мүсіндеу. Күн төккен нұрынан Биік болып өсеміз. Денемізді тік ұстап, Дөңгелене билейміз. Көркем әдебиет Көңілді күн сергіту сәтін қосу Музыка	Жарайсындар балалар, ал енді «Күн мен жаңбыр» деген ойынды ойнайық. Ойын шарты: Мен сендерге күн дегенде сендер жүгіресіндер, серуендейсіндер, ал жаңбыр дегенде қолшатырдың астына тығыласындар жақсы ма? Дене шынықтыру Сызықтар арқылы	Бұлттың бейнесімен жұмыс, шығармашылық дағдыларды дамыту. Құрастыру, жапсыру, сурет салу, мүсіндеу	Балалардың қалауы бойынша шығармашылық жұмыстар Күн – жылылық көзі Су – тіршілік көзі Ауасыз тіршілік жоқ Жел ауаның қозғалысы.	Гүлдің бейнесін жабыстыру, суретін салу, құрастыру, мүсіндеу Гүлде табиғаттың бір бөлшегі, түсі қандай? Көлемі қандай? Математика негіздері Ойын: "Жақсы - жаман" ойынын ойнайық. Ойын ережесі: "Жақсы-жаман қасиеттер бейнеленген суреттерге қарап "Жақсы" қасиет болса қол шапалақтау "Жаман" қасиет болса тып-тыныш

		судың бейнесін салу Сурет салу. Су тамшыларын жабыстыру Жапсыру Су тамшысын ермексаздан мүсіндеу және пазл құрату Мүсіндеу, құрастыру			отыру. Гүлдерге су құю Ағаштарды сындыру Құстарға жем беру Құстың ұясын бұзу Гүлдер жұту Құстарға ұя жасап беру Қоршаған ортамен танысу.
Балалармен жеке жұмыс	Ерсайынға денені жалпы дамытушы жаттығуларды орындағанда қажетті бастапқы қалыпты қабылдайды, жаттығулардың орындалу ретін сақтауға үйрету	Зерге түрлі тапсырмалар орындап, бір-бірден сапта жүргізу	Аңсарға өздігінен түрлі ойындар сйнайды, ойын ережелерін сақтап үйрету.	Мансұрға денені жалпы дамытушы жаттығуларды орындағанда қажетті бастапқы қалыпты қабылдайды, жаттығулардың орындалу ретін сақтайды	Айзадаға сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтауға үйрету
Серуенге дайындық	Киіну: киім кию ережесін сақтауға үйрету, серуенге арналған құралдарды дайындау, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары				
Серуен	Қ/О «Қуыр-қуыр қуырмаш» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер	Қ/о «Сакина жасыру». Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауын дамыту. Балалардың дербес әрекеттері Көңілді ән қосып, дене қыздыратын би билету (музыка)	Кітаптан ертегі қарату. (көркем әдебиет) Қ/О «Ақ доп, қызыл доп». Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар	Желді, құстарды бақылату. Өзгешеліктерді байқату. (қоршаған ортамен таныстыру) Қ/о «Қуыр-қуыр қуырмаш»	Қ/О «Сакина жасыру» Балалардың дербес әрекеттері Еркін ойындар Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу Балалардың дербес әрекеттері

Серуеннен оралу	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Кешкі ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау. Балалардың назарын тағамға аудару, тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге, нанның кикымын жерге тастамауға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті	Жаңылтпаштар жаттау	Жұмбақ жасыруға үйрету	Ұлттық ойын асық ойыны	Мақал-мәтелге баулу	Ертегі кейіпкерлерін сипаттау
Балалардың үйге қайтуы	Бала тілінің дамуы жайлы әңгіме	Балаға ұялы телефонды көп ұстатпау туралы әңгіме	Бала десаулығы мен тазалығы жайлы әңгіме	Баланың эмоционалды көңіл күйі жайлы әңгіме	Баланың қандай дағдыларды меңгере алмай жатқаны туралы әңгімелесу

«Тексерілді»

№15 «Әлия» бөбекжайы»

МККК-әдіскері:

Ү.Г.Нурмухамметова

«25» 11 2022ж